**Қазақстан Республикасында құқық бұзушылықтың алдын алу мен қылмысқа қарсы күрестің 2005-2008 жылдарға арналған бағдарламасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 1355 Қаулысы

Ескерту. Қаулының тақырыбына өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007.12.29. N 1376 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 15 тамыздағы N 1165 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2006 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында құқық бұзушылықтың алдын алу мен қылмысқа қарсы күрестің 2005-2008 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007.12.29. N 1376 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар, өзге де мемлекеттік органдар (келісім бойынша) Бағдарламаны орындауды қамтамасыз етсін, жыл сайын 30 маусымнан және 30 желтоқсаннан кешіктірмей Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне оның іске асырылу барысы туралы ақпарат ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі 10 қаңтарға және 10 шілдеге дейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне Бағдарламаның іске асырылу барысы туралы ақпарат ұсынсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*
*Премьер-Министрі*

Жоба

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 24 желтоқсандағы
N 1355 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

Ескерту. Бағдарламаның тақырыбына өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007.12.29. N 1376 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ МЕН ҚЫЛМЫСҚА ҚАРСЫ КҮРЕСТІҢ 2005-2008 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН БАҒДАРЛАМАСЫ

Астана, 2004 жыл

## 1. БАҒДАРЛАМАНЫҢ ПАСПОРТЫ

| | |
|---|---|
| **Бағдарламаның атауы** | Қазақстан Республикасында құқық бұзушылықтың алдын алу мен қылмысқа қарсы күрестің 2005-2008 жылдарға арналған бағдарламасы |
| **Әзірлеу үшін негіздеме** | Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 15 тамыздағы N 1165 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2006 жылдарға арналған бағдарламасы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 қыркүйектегі N 903 қаулысымен бекітілген "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2006 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (10.3-тармақ), Қазақстан Республикасында құқық бұзушылықтың алдын алудың және қылмысқа қарсы күрестің 2005-2006 жылдарға арналған бағдарламасын әзірлеу жөніндегі жұмыс тобын құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 11 мамырдағы N 135-ө өкімі |
| **Әзірлеушілер мен орындаушылар** | Ішкі істер министрлігі, Бас прокуратура, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Әділет |

министрлігі, Денсаулық сақтау министрлігі, Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі, Білім және ғылым министрлігі, Көлік және коммуникация министрлігі, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы), Ақпараттандыру және байланыс агенттігі, Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері

**Мақсаты** Құқық бұзушылықты алдын алудың кең ауқымды және тиімді жүйесін қалыптастыру, қылмысқа қарсы күресті нығайту

**Міндеттері** Азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін тиімді қорғауды қамтамасыз ету;
қылмыстар мен құқық бұзушылықтар туралы өтініштер мен хабарламаларды шешу кезінде заңдылықты сақтау;
қоғамдық қауіпсіздіктің тиісті жағдайын қамтамасыз ету;
алдын алу қызметін жетілдіру;
қылмыстарды мақсатқа сай әлеуметтік-құқықтық алдын алуды жүзеге асыру;
ішкі істер органдары мен халықтың арасындағы байланыс буыны ретінде учаскелік полиция инспекторларының жұмысын тиімді ұйымдастыру және олардың рөлін арттыру;
азаматтардың қылмысқа қарсы күрестегі мүдделілігін арттыру;
ұйымдасқан қылмысқа, есірткі бизнесіне, терроризмге, діни экстремизмге және заңсыз көші-қонға қарсы іс-әрекеттің сенімді жүйесін қамтамасыз ету;
қылмысқа қарсы күресті тиісті

ақпараттық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету;
құқық қорғау органдарының кадр жұмысын жетілдіру;
қылмысқа қарсы күрестегі халықаралық ынтымақтастықты кеңейту

**Іске асыру мерзімдері** 2006-2008 жылдар

**Қаржыландыру көздері мен көлемдері** Республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаты.
Қаржыландырудың болжалды көлемі барлығы - 10 361 484 мың теңге,
оның ішінде: республикалық бюджет қаражатынан - 8 691 684 мың теңге,
оның ішінде:
2005 жылы - 1 925 600 мың теңге,
2006 жылы - 2 258 419 мың теңге,
2007 жылы - 2 321 262 мың теңге;
2008 жылы - 2 186 403 мың теңге.
жергілікті бюджеттердің қаражатынан - 1 669 800 мың теңге,
оның ішінде:
2005 жылы - 643 429 мың теңге,
2006 жылы - 737 983 мың теңге,
2008 жылы - 288 388 мың теңге.
2006-2007 жылдарға арналып көзделетін сомалар тиісті жылға арналған республикалық бюджетті құру кезінде нақтыланатын болады.

**Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер** 2008 жылдың аяғына дейін:
құқық бұзушылықтардың алдын алудың жаңа әлеуметтік-экономикалық негізіндегі жалпы жүйесі құрылатын болады;
қылмысқа қарсы күрес күшейе түседі;
ауыр және аса ауыр қылмыстар (олардың тіркелетін саны жыл сайынғы шекті деңгейден - 10 мың тұрғынға 70 қылмыстан аспайды), сондай-ақ көшелерде және кәмелетке толмағандар мен жасалған қылмыстар (тиісінше 10 мың

тұрғынға 2005 жылы 12 мен 21-ден 2008 жылы 9 мен 18-ға дейін) азаюы байқалады;
республиканың барлық облыстық орталықтарында полицияның күш-құралдарымен жедел басқару орталықтары салынды;
халықтың құқық қорғау жүйесі мен жалпы мемлекетке деген сенімінің деңгейі артады.

Ескерту. 1-бөлімге өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007.04.18. N 307 , 2007.12.29. N 1376 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

## 2. КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасында құқық бұзушылықтардың алдын алудың және қылмысқа карсы күрестің 2005-2008 жылдарға арналған бағдарламасы Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 15 тамыздағы N 1165 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2006 жылдарға арналған бағдарламасының , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 қыркүйектегі N 903 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2006 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 10.3-тармағына, "Қазақстан Республикасында құқық бұзушылықтардың алдын алудың және қылмысқа қарсы күрестің 2005-2006 жылдарға арналған бағдарламаны әзірлеу жөніндегі жұмыс тобын құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 11 мамырдағы N 135-ө өкімінің 2-тармағына сәйкес, бұрын қолданыста болған құқық бұзушылықтардың алдын алудың және қылмысқа қарсы күрестің республикалық бағдарламаларына қатысты сабақтастық қағидаты сақтала отырып әзірленді.

Үш жылға арналған бағдарламада белгіленген алғашқы кезектегі міндеттер мен басымдықтар, Мемлекет басшысының 2003 жылғы 10 қыркүйектегі құқық қорғау және заңдылықты сақтау жөніндегі кеңесте берген тапсырысынан туындап отыр.

Ескерту. 2-бөлімге өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007.12.29. N 1376 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

## 3. ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРТІП ПЕН ЗАҢДЫЛЫҚ АХУАЛЫН ТАЛДАУ

1993-2003 жылдарға арналған 10 мың адамға шаққанда тіркелген қылмыстардың жалпы саны және қылмыс деңгейі туралы статистикалық деректердің талдауы олардың төмендегенін дәлелдейді.

Соңғы жылдары қылмыстың, оның ішінде ауыр және аса ауыр түрлерінің өсу үрдісін құрықтауға қол жеткізілді. Кісі өлтірудің, денсаулыққа ауыр зиян келтірудің, әйелдерді зорлаудың, ұрлық пен қарақшылық шабуылдардың саны азайды. Топтық, рецидивтік қылмыстың, сондай-ақ мас күйінде жасалған қылмыстардың деңгейі азайды .

Сонымен қатар, ағымдағы жылы тіркелген жалпы қылмыстардың саны 28 % өсті. Бұл, бәрінен бұрын, бүгінгі таңда Ішкі істер министрлігінің Бас прокуратурамен бірлесе отырып, қылмыстарды 100 % тіркеу мен есепке алуды және қылмысты жасырудың көпжылдық практикасын жоюды қатаң бақылауға алумен негізделген.

Жалпы еліміздегі криминогендік ахуал қалыпты жағдайда, оған республикадағы жақсы қалыптасқан экономикалық және қоғамдық-саяси жағдай әсерін тигізіп отыр.

Бірақ қылмыстың мемлекет пен қоғам өмірінің барлық саласына теріс әсер етуі жалғасуда, ол еліміздің әлеуметтік-экономикалық қайта құрылуын тежейді, оның халықаралық беделіне нұқсан келтіреді.

Қабылданып жатқан шараларға қарамастан жазалаудың бұлтартпастығының қамтамасыз етілуі әлі тиісті деңгейде емес. Жыл сайын елімізде көптеген қылмыстар ашылмай қалып отыр, қылмыскерлердің елеулі бөлігі жасаған қылмыстары үшін жазаланбай, іздестіруде жүр.

Ұйымдасқан қылмысқа және бандитизмге қарсы күрес жөнінде қабылданып жатқан шаралар табандылықты талап етеді. Бұл бағыттағы жұмыс көбінесе бытыраңқы және жүйесіз сипатқа ие.

Есірткінің заңсыз айналымы проблемасы күннен-күнге өрши түсуде. Ұйымдасқан қылмыстық топтар құрамында жасалатын "ауыр" есірткіні сату фактілерінің, сондай-ақ республика аумағында халықаралық есірткітрафигі арналарының жолын кесу жөніндегі полиция әрекетінің тиімділігі аз болып отыр.

Ұлт және мемлекет қауіпсіздігі үшін қауіп төндіретін ауқымға ие болып келе жатқан алкогольдік ішімдікті пайдаланудың, маскүнемдіктің және нашақорлықтың, әсіресе жастар ортасында өсуі аса елеулі әлеуметтік проблемалардың бірі болып қалуы жалғасуда. Спирт ішімдіктерін тосқауылсыз және барлық жерде бөлшек саудада және құйып беру арқылы сату бұл проблеманы ауырлата түсуде.

Кәмелетке толмағандар мен жастар арасында есірткіні медициналық емес мақсатқа пайдаланудың таралуы ерекше алаңдаушылық туғызады. Есірткіні пайдаланушылардың 2/3-ге жуығы - 30 жасқа дейінгі адамдар. Балалар мен жасөспірімдер нашақорлығы кеңейе түсуде. Көбінесе жалпы білім беретін мектептердің, колледждер мен басқа да оқу орындарының есірткі құралдарын немесе психотропты заттарды алғаш рет және кейіннен пайдалануда бірінші орында болатыны

аз кездеспейді.

Елімізге қару-жарақтың, есірткінің, қылмыскерлер мен экстремистердің енуіне ықпал ететін заңсыз көші-қон қылмыстық шиеленісті күшейте түсуде. Бірақ заңсыз көші-қон арналарын жабу жөніндегі құқық қорғау органдарына күш-жігері және олардың басқа да мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасасуы жеткіліксіз болып отыр.

Қазіргі уақытта елімізде қылмыстың әлеуметтік алдын алудың нақты жүйесі әлі қалыптасқан жоқ, ал оның құрамдық бөлшегі болуы тиіс элементтер жеке және тиімсіз жұмыс істейді. Әсіресе құқық бұзушылықтардың алдын алудағы жалпы және жеке тәсілдерінің жүйесі әлсірей түскен. Бүгінгі таңда полицияның алдын алу есебінде 509 мыңға жуық адам тұр, оның ішінде 62 мыңнан астамы бұрын сотталғандар, 245 мыңы маскүнемдер, 52 мың отбасы жанжалқорлары, 35 мыңы нашақорлар. Әрбір екінші кісі өлтіру, әр үшінші қарақшылық шабуыл алкоголдік немесе есірткіден масаю күйінде жасалады, отбасылық-тұрмыстық қарым-қатынас аясындағы қылмыстардың өсу үрдісі байқалады. Осы қылмыстардың көпшілігін алдын алу жұмысының тиімділігін арттыру, оның нысандары мен әдістерін жетілдіру арқылы болдырмауға болар еді.

Кәмелетке толмағандар мен жастар қылмыстарының, рецидивті және пенитенциарлық қылмыстардың жағдайы алаңдаушылық туғызып отыр. Алайда өңірлерде кәмелетке толмағандар қылмыстарының алдын алу (олар елімізде тіркелген барлық жалпы қылмыстардың жартысына жуығын жасауда), сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босаған адамдардың әлеуметтік бейімделу мәселелерін жергілікті органдар іс жүзінде шешпейді.

Заңдылықтың сақталуына тиісті көңіл бөлінбейтін, бас бостандығынан айыру орындарындағы криминогендік ахуал ауыр болып отыр. Сотталғандардың құқықтарын бұзу, оның ішінде қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлерінің оларды соққыға жығу фактілері кеңінен таралып кетті. Спецификалық мәдениет пен дәстүрді жиі құрайтын, түзеу мекемелері әкімшілігінің қызметін өз әсеріне бағындыруға ұмтылатын қылмыстық ортаның көшбасыларына қарсы әрекет ету жүйесі әзірленбеген. Осы себептер бойынша, наразылық белгісі ретінде сотталғандардың дене мүшесін зақымдау және қасақана бағынбау жағдайлары өсті.

Бас прокуратура Құқықтық статистика және арнайы есеп жөніндегі комитеттің мәліметтері бойынша 2003 жылы Әділет министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде 400 астам қылмыс тіркелді, қылмыстың ауыр және аса ауыр түрлері оның 8 % құрады. Пенитенциарлық жүйеде тіркелген қылмыстардың жартысы (55,2 %) контрагенттік жұмыстарда, қысқа мерзімді демалыстарда және сотталғандарды қадағалау мен бақылау толық көлемде қамтамасыз етілмейтін, шоғырландыру колонияларынан тысқары орналасқан ауруханаларда стационарлық емдеуде бола тұра қылмыстарды қайталап шоғырландыру колониялары сотталғандарының үлесіне тиеді.

Көшелер мен басқа да қоғамдық орындардағы жедел жағдай ушығып тұр. Сол

себепті Қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету механизмін одан әрі жетілдіруді талап етеді. Қоғамның жол-көлік оқиғаларынан қорғалу дәрежесі төмен.

Заңдылық пен азаматтардың құқықтарын бұзу, полиция қызметкерлері тарапынан жасалған заңсыз әрекеттер орын алуда, құқық қорғау органдары жүйесінің мәртебесіне нұқсан келтіретін және мемлекетімізге деген азаматтардың сенімін жалпы жоққа шығаратын қылмысты есепке алудан жасыруға жол беріліп отыр.

Қабылданып жатқан шараларға қарамастан қылмыстық процесте азаматтардың конституциялық құқығы мен бостандығын қамтамасыз ету түбегейлі түрде өзгермеді. Қылмыстық қудалау органдарында пайдаланатын құралдар мен жұмыс әдістері көбінесе азаматтардың конституциялық құқықтарын бұзуға әкеліп соғады. Мәселен, 2003 жылы күдіктің расталмауына байланысты уақытша ұстау изоляторларында заңсыз ұсталған 58 адам босатылды.

Сонымен қатар азаматтарды қылмыстық қудалау органдарының қызметтік кабинеттеріне заңсыз жеткізу және оларды ешқандай процессуалдық ресімдеусіз ұстау фактілері кеңінен таралып отыр. Осындай бұзушылықтардың саны 2003 жылы 341-ге дейін өсті.

Ведомстволық мүддеге негізделген қолданыстағы құқық қорғау органдарының қызметін бағалау өлшемдері де жағдайды түзетуге мүмкіндігі жоқ және олардың қызметін объективті түрде бағалауға мүмкіндік бермейді. Осыған орай, халықаралық тәжірибеге сәйкес азаматтарды қылмыстан қорғау дәрежесі, әділдік пен бұзылған құқықты қалпына келтіру, құқық қорғау органдарының өз қызметіндегі заңдылық, оларға халықтың сену деңгейі бағалаудың басты өлшемдері болуы керек.

Қалыптасып жатқан криминогендік ахуалды ескере отырып, республиканың құқық қорғау органдары ұйымдасқан және есірткі қылмыстарына, этникалық және діни экстремизмге, заңсыз көші-қонға, сыбайлас жемқорлыққа, адамдарды, әсіресе әйелдер мен балаларды сатуға, компьютерлік қылмыстарға, терроризмге, атыс қаруын және оның оқ-дәрілерін, жарылғыш заттарды және оны қолдануға арналған құрылғыларды заңсыз дайындау мен олардың айналымының профилактикасына және оларға қарсы күреске ерекше назар аудара отырып, қылмыстың барлық түрлері және заңдардың бұзушылықтарына қарсы күресті жалғастыруы керек.

## 4. БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

**Бағдарламаның мақсаты:**

құқық бұзушылықтардың алдын алудың кең ауқымды және тиімді жүйесін құру, қылмысқа қарсы күресті күшейту.

**Бағдарламаның міндеттері:**

азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін тиімді

қорғауды қамтамасыз ету;

қылмыстар мен құқық бұзушылықтар туралы өтініштер мен хабарламаларды шешу кезінде заңдылықты сақтау;

қоғамдық қауіпсіздіктің тиісті ахуалын қамтамасыз ету;

алдын алу қызметін жетілдіру;

қылмыстардың әлеуметтік-құқықтық алдын алуды мақсатқа сай жүзеге асыру;

ішкі істер органдары мен халықтың арасындағы байланыс буыны ретінде учаскелік полиция инспекторларының жұмысын тиімді ұйымдастыру және олардың рөлін арттыру;

қылмысқа қарсы күресте және құқық тәртібін нығайтуда азаматтардың мүдделілігін арттыру;

ұйымдасқан қылмысқа, есірткі бизнесіне, терроризмге, діни экстремизмге және заңсыз көші-қонға қарсы іс-әрекеттің сенімді жүйесін қамтамасыз ету;

қылмысқа қарсы күресті тиісті ақпараттық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету;

құқық қорғау органдарының кадр жұмысын жетілдіру;

қылмысқа қарсы күресте халықаралық ынтымақтастықты кеңейту.

## 5. БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ МЕН ТЕТІГІ

### 5.1. Азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін қорғау. Құқық қорғау органдарының қызметіндегі заңдылықты нығайту

Әдетте, азаматтардың конституциялық құқықтарын бұзушылық деп тек құқық қорғау органдары қызметкерлерін тарапынан жасалған дене зорлығы, тергеудің рұқсат етілмеген әдістерін қолдану ғана түсіндіріледі.

Бірақ азаматтың өміріне, денсаулығына, мүлкіне жасалған кез келген қол сұғушылық - бұл да конституциялық құқықты бұзушылық. Қылмыстың кез келген фактісі бойынша оны ашу және азаматтардың конституциялық құқықтарын қалпына келтіру үшін барынша күш-жігер жұмсауы керек.

Сондықтан, қылмыстық қудалау органдарының қызметіндегі қылмысты есепке алудан жасыру фактілері, сонымен қатар, оларды ашу және кінәлі адамдарды қылмыстық жауапкершілікке тарту бойынша шаралар қабылдамау, қылмыстық қол сұғушылықтан қорғауға деген азаматтардың конституциялық құқықтарының бұзылғандығын білдіреді, бұған құқық қорғау органдарының қызметінде жол берілмеуі тиіс.

Жедел және тергеу бөлімшелеріне тән, жылдан жылға жалғасып келе жатқан қылмысты жасыру фактілері мемлекет тарапынан азаматтардың құқығын қорғауды бұзып қана қоймай, сонымен қатар құқық қорғау органдарына деген теріс көзқарастың туындауына ықпал етеді.

Қылмыстарды тіркеуді тәртіпке келтіру ІІМ жүйесін реформалауды құрайтын басты міндеттердің бірі болуы тиіс. Ішкі істер органдарының қызметінде заңдылықты нығайтуға, және ең алдымен қылмысты жасыру, азаматтардың арыздары мен өтініштерін қараудың белгіленген тәртібін бұзу фактілерін жоюға бағытталған ашық және қағидатты саясат жүргізуді жалғастырады.

Қолданылып жүрген құқық қорғау органдарының жұмысын бағалау, жұмыстың соңғы нәтижелері бойынша емес, керісінше аралық нәтижесі бойынша жүзеге асырылады. Ал ол болса қылмысты есепке алудан жасырумен, айғақтарды бұрмалаумен, іздестіру істерін қозғамаумен, ашу пайызының нашарлау негіздері бойынша қылмыстық істерді қайта бастаудан бас тартумен байланысты азаматтардың құқықтарын бұзудың негізгі себебі болып табылады.

Құқық қорғау органдарының қызметін бағалаудың өлшемдерін қайта қарау азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге оң әсерін тигізуі тиіс.

Құқық қорғау органдарының қызметі саласындағы демократизмді, ізгілікті бағалау негізіне жеке адам құқықтарын шынайы қамтамасыз ету алынуы тиіс. Тәжірибеде негізсіз жауапкершілікке тартудан және соттаудан заңды түрде бекітілген іс-жүргізу кепілдіктерінің басымдылығын қамтамасыз ету және заң нормаларын сақтаудан кез келген бас тартуларға жол бермеу.

Мемлекет міндеттерінің бірі болып табылатын және құқық қорғау органдары, соттар, жергілікті басқару органдары үшін басымдық міндет ретінде, белгіленген азаматтардың құқықтарын қорғау өзара байланысқан шаралар кешенін іске асыруды талап етеді.

## 5.2. Құқық бұзушылықтардың алдын алу, құқық тәртібін нығайту

### 5.2.1. Әлеуметтік-құқықтық алдын алу

Нарық экономикасын дамыту, мемлекеттік және қоғамдық өмірді демократияландыру жағдайларында қылмыстың алдын алу әдеттегідей өзекті проблема болып отыр. Қазіргі жағдайда қылмыстық жазалаудың тиімділігі қандай бола тұрса да, оның бір шарасын қабылдау қылмысқа қарсы күресу үшін жеткіліксіз екені анық және құқық тәртібінің проблемаларын тек полиция деңгейінде ғана қарауға болмайды. Сондықтан да құқық бұзушылықтардың алдын алу құқық қорғау органдарының және

басқа да мемлекеттік органдардың, сондай-ақ құқық қорғау бағытындағы қоғамдық құрылымдардың қызметінде басым бағыттардың бірі болуы керек.

Бұрын тиімді іс-әрекет еткен жалпы құқық бұзушылықтардың алдын алу жүйесін өткен жылдары өздерін ақтаған ерікті жасақтарды, кәсіпорындары және оқу орындарында, тұрғылықты жері бойынша құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі кеңестерді, полицияға жәрдемдесу жасақтарын және т.б. белгілі шектерде қайта дамыту қажет.

Адамдардың лайықты ісінің болмауы және бос уақытты мақсатсыз өткізуі қазіргі уақыттағы жалпы қылмыс себептерінің бірі болып табылады. Ол барып белгілі бір айналысатын ісі жоқ және қылмыстық көңіл күйдегі адамдардың мәдениетке қарсы топтар мен бірлестіктер ұйымдастыруына әкеліп соғады. Жергілікті атқарушы органдардың халықты, әсіресе жастарды, еңбекпен қамтуы, оларды қоғамдық жұмыстарға жұмылдыруы, кәсіби даярлықты өткізуі мен оған үйретуі осы саладағы негізгі міндеттердің бірі болып табылады.

Жастарды компьютер сауаттылығының негіздеріне, салалық іске үйрету, алған білімдерін тәжірибеде (цехтар, зертханалар, жабдықталған оқу кабинеттері) игеру үшін жағдайлар жасау қажет.

Көптеген криминогендік проблемаларды шешу үшін елімізде елеулі материалдық қолдауы бар, қылмыстың алдын алудың жаңа әлеуметтік-экономикалық негіздегі жалпы жүйесін құру қажеттігі туындады.

Учаскелік полиция инспекторлары мен кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі қызметтер, алкоголизмнен, нашақорлықтан және уытқұмарлықтан мәжбүрлеп емдеуге арналған арнайы мекемелер, белгілі тұрғылықты жері жоқ адамдарды әлеуметтік бейімдеу орталықтары және басқалары сияқты профилактикалық құрылымдар айтарлықтай материалдық-техникалық нығайтуды қажет етеді.

Техникалық қадағалау және байланыс жүйелері, соның ішінде полиция күш-құралдарын жедел басқару орталықтары жүйесі одан әрі дамытуды, патрульдеу кезінде едәуір икемді көлік құралдарын және қызметтік жануарларды белсенді пайдалануды талап етеді.

Көшелерде және қоғамдық орындарда жасалатын құқық бұзушылықтардың алдын алуда құқық қорғау бағытындағы қоғамдық құрылымдардың әлеуеттік мүмкіндіктерін жұмылдыру керек.

Жұртшылықтың құқық тәртібін қолдауға қатысуының жаңа нысандарын, атап айтқанда Республиканың ірі қалаларында подъездердің қоғамдық күзетшілері ( консьерждер) институтын енгізуді пайдалана отырып, қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысып жүрген азаматтарды құқықтық және әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ету, олардың белсенділігін арттыруға қосымша шаралар қолдану қажет.

## 5.2.2. Кәмелетке толмағандар мен жастардың арасындағы қадағалаусыз қалушылық пен құқық бұзушылықтардың алдын алу

Еліміздегі криминогендік ахуалдың болашақтағы даму динамикасының перспективасы бүгінгі таңда жасөспірімдермен және жастармен қолданылып жатқан тәрбиелік-құқықтық шаралардың тиімділігіне тікелей байланысты болғандықтан кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтар мен қадағалаусыз қалудың алдын алу мәселесі ерекше көңіл бөлуді талап етеді.

Жоғары және орта оқу орындарында құқық қорғау бағытындағы жастар құрылымдары желісін қалпына келтіру және дамыту жөніндегі шаралар кешенін жүзеге асыру оқушылар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу мен оның жолын кесуде құқық қорғау органдарына жәрдем көрсетуге ықпал ететін неғұрлым перспективті бағыт болып табылады.

Әлеуметтік жетімдік, балалардың кезбелігі мен қадағалаусыз қалу проблемасының шиеленісе түсуі және кәмелетке толмағандарды жұмыспен қамтамасыз ету мәселелерінің тиімді шешілмеуі жағдайында елімізде ауыр өмірлік жағдайға душар болған және әлеуметтік оңалтуды қажет ететін кәмелетке толмағандарға арналған мамандандырылған мекемелер желісін кеңейту, балалар панасын, жетімдерді тәрбиелеуге алған патронатты отбасыларын және оларға жағдай жасаудың өзге де нысандарын қолдау міндеті өзекті болып отыр.

Кәмелетке толмағандардың қылмыс жасауына әсер ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, олардың үштен екісінің девиантты мінез-құлқы бар жасөспірімдер болып келетіндігін куәландырады (еліміз бойынша олардың саны 16 мыңнан астам) және республикамыздың бірқатар өңірлерінде осындай мекемелердің болмауы мемлекет тарапынан уақытылы көмек алмай қадағалаусыз қалған балалардың құқық бұзушылар қатарын толтыруына әкеп соғады.

Балалар үйінде орынның жетіспеуі, бас бостандығынан айыру орындарынан оралған және ата-аналарының қамқорынсыз қалған мектеп-интернаттардың түлектерін қоғамға бейімдеу мәселесінің нашар шешілуі де осы проблемаларды қиындата түсуде. Жасөспірімдер үйлері желісін кеңейту кәмелетке толмағандардың көрсетілген санатының бейімделуіне ықпал етеді және олардың тұрмыстық және жұмысқа орналасуына, сондай-ақ мамандық алуына мүмкіндік береді.

Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторларының қызметі де кадрлармен одан әрі нығайтуды қажет етеді.

Оқу орындары аумақтарында оқушылар жасайтын қылмыстар санының көбеюі соңғы жылдардың сипаттық ерекшелігі болды. Жалпы білім беретін оқу орындарында мектептерге бекітілген кәмелетке толмағандар істері жөніндегі учаскелік полиция

инспекторларын енгізу тәжірибесін одан әрі тарату осы проблеманы шешу жолдарының бірі болып табылады.

Кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғауды, осы жас тобындағы қылмысты ескертуді қамтамасыз ету, олардың заңды, әлеуметтік-пайдалы қызметке қатысуын қамтамасыз ету үшін құқық қорғау органдарының ғана емес, сонымен қатар жалпы барлық қоғамның күш-жігері қажет.

### 5.2.3. Алкогольдік ішімдікті пайдалануды қысқарту, маскүнемдіктің, нашақорлықтың және қылмысты қайталаудың алдын алу

Алкоголизмнің, нашақорлықтың және уытқорлықтың алдын алу бойынша мемлекеттік органдар қабылдаған шаралар жеткіліксіз, осы санаттағы адамдарды мәжбүрлеп емдеуді жүзеге асыру жөніндегі қолда бар Мамандандырылған емдеу-алдын мекемелері және басқа да алу мекемелер аз.

Осылайша 2003 жылы соттар медициналық сипаттарды мәжбүрлеу шаралары туралы шешімді 11362 адамға шығарған, ал емдеу мекемелері тек қана 2770 төсек-орынға есептелген. Мәжбүрлеп емдеудің мерзімі 6 айдан 2 жылға дейінгі мерзімді қамтитынын ескере отырып, олардың көп бөлігі медициналық-әлеуметтік шаралармен қамтылмайды.

Қазіргі кезде салауатты өмір салтын насихаттаудағы қоғамның және мемлекеттік органдардың қатысу үлесі төмен, бұл бағытта жүйелі жұмыс жүргізілмейді.

Осыған орай маскүнемдіктің, алкоголизмнің және нашақорлықтың алдына алу жөніндегі жұмыстың жағдайы үшін жергілікті атқарушы органдардың жауапкершілігін арттыру және маскүнемдіктің алкоголизмнің және нашақорлықтың алдын алу жөнінде мынадай ұйымдастырушылық-практикалық шаралар қатарын қабылдау қажет.

Сонымен қатар жергілікті атқарушы органдарға бас бостандығынан айыру орындарынан босаған адамдарды жұмысқа орналастыру, белгілі тұрғылықты жері жоқ адамдарды әлеуметтік бейімдеу, тәрбие колонияларынан оралған кәмелетке толмағандарға және ата-аналарының қамқорынсыз қалған өзге де жасөспірімдерге ерекше көңіл бөле отырып, әлеуметтік байланыстарын жоғалтқан азаматтарды жұмысқа және әлеуметтік орналастыру жөнінде шаралар қолдануды жалғастыру қажет.

Қылмысты әсер етудің әкімшілік-құқықтық шараларымен үйлескен жалпы және жеке алдын алу әдістерімен ескерту, құқық бұзушылықты және қылмысты жасауы мүмкін деген адамдарды анықтау, олардың асоциалдық мінез-құлықының коррекциясы ішкі істер органдарының алдын алу қызметіндегі бәрінен бұрын, учаскелік полиция инспекторларының қызметіндегі басым бағыттардың бірі болуы керек.

Бас бостандығынан айыру орындарындағы адамдарды жаңа мамандықтарға кәсіби

тұрғыдан үйретуді және дайындауды ұйымдастыру, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарында аталған адамдардың өндірістік және өзге де жұмыспен айналысу мүмкіндігін қарау қажет.

## 5.2.4. Жол қозғалысы саласындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу

Елімізде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету өткір проблемалардың бірі болып табылады. Көлік құралдарының саны өсуде, жолдардағы қозғалыс қарқыны артуда. Жыл сайын жол-көлік оқиғаларында 2 мыңнан астам адам қаза табады және 16 мыңнан астамы жарақаттар мен зақымдар алады, мемлекет пен қоғамға үлкен материалдық залал келтіріледі.

Автомобиль жолдарын пайдалану сипаттарын жақсарту жағдайында, жоғары динамикалық сипаттамалары бар қазіргі заманғы көлік құралдарының көбеюі жол қозғалысын қадағалауды, көлік құралдарының және автомобиль жолдарының техникалық жағдайын бақылауды жүзеге асыруға, көлік құралдары жүргізушілерінің дайындық сапасын жақсартуға саймасай, сапалы жаңа көзқарасты қолдануды талап етеді.

Жол полициясының қазіргі заманғы техникалық диагностика жасау құралдарымен қамтамасыз етілмеуі көлік құралдардың техникалық жағдайына бақылауды тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік бермей отыр.

Соңғы 30 жыл бойы қолданылып келе жатқан, апаттылық жағдайына кері әсерін тигізетін жүргізуші куәлігін алуға арналған жүргізушілерге үміткерлерден емтихандар қабылдау жүйесі жетілдірілуді талап етеді. Жол-көлік оқиғаларының 17 % астамын үш жылға дейін өтілі бар жүргізушілер жасайды.

Маңызды мәселелердің бірі жолаушылар тасымалдаудың қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады. Жолаушыларды тасу бағыттарының көпшілігінде жеке кәсіпкерлердің автокөліктері қызмет көрсетеді, бірақ олар еңбек және демалыс режимін сақтамайды, жол бағытына шығар алдындағы дәрігерлік байқау және автокөліктердің техникалық жай-күйінің тексерілуі өткізілмейді.

Темір жол өтпелеріндегі апаттың деңгейі жоғары болып қалып отыр.

Шектеулі мерзімдерінен тыс пайдаланып келе жатқан тозып-ескірген, жол қозғалысын реттейтін техникалық құралдардың ерекше бөлігі стандарттар талаптарына сәйкес келмейді және ауыстыруды қажет етеді.

Апат көрсеткіштерін есепке алудың мемлекеттік жүйесін ендіру және жол-көлік оқиғаларынан болған шығынды санау әдістемесін әзірлеу қажет.

## 5.3. Қылмысқа қарсы іс-әрекет жасау жөніндегі шаралар

## 5.3.1. Қылмыстарды тергеуді және қылмыскерлерді іздестірудің тиімділігін арттыру

Қылмыстың сапалық трансформациясы құқық қорғау органдары тергеу және жедел бөлімшелерінің қызметін жетілдіруді, олардың өзара іс-қимыл жасасуының сапасын жақсартуды, құқыққа қайшы көріністерге тиісінше қимыл көрсетуді, қызметкерлердің кәсіби біліктілігін арттыруды талап етеді.

Қылмыстық істерді тергеу институттары, қылмыс дәрежесіне және болуы ықтимал жазалаудың ауырлығына байланысты сотқа дейінгі өндірістің іс-жүргізу нысанын әрі қарай дифференциялау одан әрі оңтайландыруды талап етеді.

Тергеуде ауыр емес қылмыстар құрамдарының қатары есебінен жеделдетіп өндіруді кеңейту және қылмыстық процестің объективтілігін және азаматтардың құқықтарын қорғау кепілдігі бір уақытта қамтамасыз етілетін қылмыстық процесті ықшамдау одан әрі дамытылатын болады. Қылмыстық-іс жүргізу заңнамасына тергеудің және соттардың қылмысты жасаған адам өз кінәсін толық мойындағанда анық қылмыстарды қараудың ықшамдалған тәртібін қарастыратын арнайы баптарды енгізген дұрыс. Бұл шаралар Құқықтық саясат тұжырымдамасында және 2003 жылғы 10 қыркүйектегі құқық қорғау органдары басшыларының кеңесінде Мемлекет басшысы қойған тапсырмаларында келісілген.

Қазақстан Республикасы сараптама мекемелерінің одан әрі дамуын қарастырған дұрыс. Қамауға алуға балама бұлтартпау шараларын қолдану мүмкіндігін одан әрі іске асыру, оларды орындау рәсімінің өзін толық регламенттеуді пысықтау қажет.

Автокөлікті ұрлауды, айдап кетуді ескерту және ашу жөніндегі іс-шаралардың тиімділігін арттыру мақсатында, ІІББ-ІІБ ЖПБ-нің Тіркеу-емтихан алу бөлімінде ұрланған автомашиналарды тіркеу кезінде және техникалық бақылаудан өткен кезде олардың қолдан жасалған құжаттарын және агрегаттары тораптарының қолдан соғылғанын дер кезінде анықтауға мүмкіндік беретін, тораптарының және агрегаттарының маркировкасы өзгертілген ұрланған автомотокөлікті іздеуде және ұқсастыруда австралияның "DataDoT" технологиясын пайдалану жөніндегі Ресей ІІМ-нің тәжірибесін зерделеу және оны енгізу қажет.

## 5.3.2. Ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес

Ұйымдасқан қылмыс республикадағы қазіргі кездегі криминалдық ахуалы белгілі ықпалын тигізбейді. Сонымен қатар тәжірибеде анықталған қылмыстық және экономикалық қылмыстың ұйымдасқан нысандары құқық қорғау органдарының бандиттік құрылымдар мен қылмыстық қауымдастықтардың құқыққа қарсы іс-әрекетті ескерту және оның жолын кесу жөніндегі белсенді кешенді және мақсатқа сай шараларды қабылдауы қажеттігі туралы куәландырады.

Ұйымдасқан қылмысқа қарсы іс-әрекет жасау жөніндегі міндеттерді шешу ішкі істер органдары жүйесінде аса қауіпті қылмыстарға қарсы күрес жөніндегі мамандандырылған өңірлік және өңіраралық бөлімшелерді құру қажеттігінен туындап о т ы р .

Осы басымдық бағытта сапалы негізде құрылуы және ұйымдасқан қылмысы және сыбайлас жемқорлыққа, терроризм мен экстремизмге, есірткі бизнесіне және қарудың заңсыз айналымына, адамдар трафигіне және заңсыз көші-қонға өзара байланыс жасасып, қарсы күресуді қамтамасыз етуі тиіс құқық қорғау органдарының ынтымақтастығын нығайту қажет.

Адам сату сияқты қылмыстық бизнестің таралуы халықаралық қауымдастықтың қатты алаңдаушылығын туындатып отыр. Көші-қон жөніндегі халықаралық ұйымның ( ҚХҰ) деректері бойынша ТМД елдерінен адамдарды шетелдерге заңсыз шығару фактілерінің 77 % жуығы әйелдерді жыныстық қатынастар үшін пайдалану, 23 % жұмыс істету мақсатында сатумен байланысты. Тек 2003 жылы ғана қазақстандық дипломатиялық өкілдіктер сатудың құрбандары болған Қазақстанның 24 азаматына отанына оралуға көмек көрсетті. Осыған орай құқық қорғау органдары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 ақпандағы  қаулысымен бекітілген Адамдарды сату жөніндегі қылмысқа қарсы күрес, оны болдырмау және алдын алу жөніндегі іс-шаралардың 2004-2005 жылдарға арналған арнайы жоспарын іске асыруда. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 қыркүйектегі N 983  қаулысына сәйкес елімізде Адамдарды заңсыз шығаруға, әкелуге және сатуға қарсы күрес мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия жұмыс істейді.

Адамдарды сату фактілерін анықтау, ескерту және олардың жолын кесу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру мақсатында туристік фирмалар арқылы, сондай-ақ модельдік, неке құру агенттіктерінің және жұмысқа орналастыру жөніндегі агенттіктердің делдалдығы кезінде қазақстандық азаматтардың республикадан тыс жерлерде қозғалуына бақылау жасау тетігін әзірлеу қажет.

Жоғары технология саласындағы қылмыстарға қарсы күресті күшейту жөніндегі жұмыс шаралар кешенін қабылдауды талап етеді. Көрсетілген шаралар компьютерлік ақпарат саласындағы қылмыстарға және ЭЕМ мен олардың жүйелерін пайдалануға, радиоэлектронды және басқа да арнайы техникалық құралдардың заңсыз айналымына, порнографияны, зиян келтіретін хакерлік бағдарламаларды және контрафактілік өнімді таратуға байланысты құқық бұзушылықтарға қарсы күресуге бағыттылатын болады.

## 5.4. Қылмысқа қарсы күресті ақпараттық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету

Құқық қорғау органдарының жұмысын дәстүрлі әкімшілік әдістерімен жақсарту жолдары іс жүзінде жойылды. Қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар мен арнайы

техниканы ендіруге негізделген басқарудың сапалы жаңа әдістерін қолдану қажет.

ІІМ-нің Ақпараттық-телекоммуникациялық кешені даму және жетілдіру сатысында. Оның қызмет етуінен келетін жеткіліксіз қайтарым мынадай бірқатар объективті факторлардың: бөлімшелердің компьютер техникасымен және байланыс құралдарымен нашар жарақтандырылуымен деректер берудің ведомстволық жүйесінің нашар дамуымен, қызметкерлердің криминалдық ақпараттың жинақтық массивтерін нашар пайдалануымен байланысты.

Құқық қорғау органдарының ақпараттық кешенін жетілдіру жөніндегі жұмыстарды, ақпараттық деректер қорын жетілдіруді және криминалдық ахуалды және адамның биометриялық ұқсастығын талдаудың және болжалдаудың құрал-жабдықтарын ендіруді одан әрі жетілдіру қажет. Бұл қылмыстық қудалау органдары барлық қызметкерлерінің бірлесіп жұмыс істеуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді және олардың әр қайсысының хабарландырылуының және жедел жағдайдағы өзгеріске жедел ден қоюының жақсаруы есебінен оның әлеуетін көбейтеді.

Облыстық орталықтарда полицияның күш-құралдарымен жедел-басқару орталықтарының құрылысын жалғастыру, қалалық, аудандық, желілік ішкі істер органдарының кезекші бөлімдерін Жедел басқару орталықтарының жүйесіне одан әрі қосу криминалдық ахуалдың өзгерістеріне, жасалған ауыр қылмыстарға, жаппай тәртіпсіздікке, табиғи апаттарға және басқа да төтенше жағдайларға, азаматтардың жеке қауіпсіздігіне, ішкі істер органдарында азаматтардың өтініштері мен хабарламаларын толық тіркелуіне жедел ден қоюдың тиімді тетігін құруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Интеграцияланған деректер банкін, дербес автоматтандырылған деректер базасын, ақпараттық іздеу жүйелерін дамыту және оларды құқық қорғау органдарының бірыңғай ақпараттық-талдау жүйесіне біріктіру, оның Бас прокуратураның және басқа да мемлекеттік органдардың осындай жүйесімен интеграциялау қылмыстық және жедел ақпаратты жинауға және пайдалануға бірыңғай және сәйкес келетін ведомствоаралық көзқарасқа қол жеткізуге мүмкіндік береді, тіркеу-есепке алу тәртібінің сақталуындағы "айқындылықты" және оған қатаң бақылау жасауды, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің ақпараттық қамтамасыз етілуін сапалы жақсартуды қамтамасыз етеді.

Өңірлерде базалық қалалық, аудандық, желілік ішкі істер органдарын тиісінше материалдық-техникалық жарақтандыру жөніндегі жұмысты жалғастыру қажет. Осы базалық ішкі істер органдарын құру ІІМ-нің полиция қызметін және оның қоғаммен байланысын жетілдіру жөніндегі барлық пайдалы бастамаларын практикада іске асыру үшін жағдайлар жасауға әкеліп соғады, жергілікті жерлерде полиция жұмысының сапалы жаңа нысандары мен әдістерін қабылдауға мүмкіндік береді.

## 5.5. Құқық қорғау органдарының кадр жұмысын жетілдіру

Құқық қорғау органдары төменгі бөлімшелерінің қызметкерлері жол беретін кәсібисіздік және заң нормаларына немқұрайды қарау фактілері халықтың заңдылық режимін, жеке басқа қол сұқпаушылық, оның ары мен қадір-қасиетін қорғау принциптерін бекіту мүмкіндігіне деген сенімінің жоғалуына әкеліп соғады.

Заң бұзушылықтың себебі құқық қорғау органдары төменгі буындарының нашар кадрлық құрамына, оның қызметкерлері біліктілігінің жеткіліксіздігіне және кәсібиліктің болмауына байланысты. Жалпы елімізде заң кадрларының көптігі байқалғанымен, аудандық деңгейдегі біршама қызметкерлердің заң білімі жоқ.

Құқық қорғау органдарының кадр саясаты кадрларды іріктеу, даярлау және қайта даярлау жүйесін қайта карауды әлеуметтік және құқықтық кепілдіктерді қамтамасыз ету, тұрақты кәсіби кадр ядросын қалыптастыру мен нығайту жөніндегі шаралар кешенін жүзеге асыруды талап етеді.

Кадрларды іріктеу, орналастыру, даярлау және қайта даярлау жүйесін одан әрі жетілдіруді іске асыру:

құқық қорғау органдарының білікті және кәсіби кадрлармен жасақталуын және олардың азаматтардың конституциялық құқықтарын, олардың ары мен қадір-қасиетін сыйлауға, азаматтарға деген тілектестік қарым-қатынасқа тәрбиеленуін;

басқарушы буын кадрларының резервін құруды және жұмыста қалыптасқан таптаурындар мен бірегейлі көзкарастарды жеңіп шығуға қабілетті, басқарушылық дағдыларын, ұжымның жұмысын ұйымдастыру және бағыттау шеберлігін игерген кадрларды неғұрлым дайындалған қызметкерлер қатарынан қызмет бойынша өсіруді көздеуі тиіс.

